

# ҚАЛБАТАУДА ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ



Өнер мектебінің өнерпаз өрендері

Ержан Әбіш

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ жұмыс сапарымен Жарма ауданында болды. Сапар барысында аймақ басшысы аудан жұртшылығының тыныс-тіршілігімен танысып, бірқатар жаңа нысандардың ашылу салтанатына қатысты. Сондай-ақ ол бір топ жармалық азаматқа «Ел Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалін табыс етті.

# Қалбатауда өнер мектебінің ЖАҢА ҒИМАРАТЫ ашылды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аудан орталығында Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігі мен «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Компанияның бас дирек-

ты бірқатар мердігер ұйымдардың күшімен жарты жылдың ішінде салынған. Бұрынғы көпірді былтырғы көктемде су тасқыны шайып кеткен-ді. Жоба құны 64 миллион теңгені құрапты. Аймақ басшысы осы трассаның 941-ші шақырымында жоғарыда аталған

бәрі ел экономикасының күш-қуаты арта түскенін көрсетеді, – деді Бердібек САПАРБАЕВ қуанышқа жиналған жұрттың алдында.

Келешекте Шуақ кентіндегі қаңырап тұрған көпқабатты үйлер қайта қалпына келтіріліп, тұрғындардың саны біршама артпақ. Ендеше, жергілікті қазандықтарға түсетін күш те ұлғаятын болады.

Кенттегі «Еңбек-Өскемен» кәсіпорнына қарасты қазандықта болған облыс Әкімі жылу беруде бұрынғыдай кедергілердің болмауы керектігін қадап айтты. Қазіргі уақытта қазандық қалыпты жұмыс істеп тұр, отын қоры жеткілікті. Шуақтағы көпқабатты үйлердің бәрі жылумен қамтылған. Тұрғындар коммуналдық төлемдерді дер кезінде төлеп келеді.

Аймақ басшысы кенттегі құны 2,6 миллиард теңге тұратын жаңа қазандықтың құрылыс қарқынымен де танысты. Мердігер кәсіпорын барша қажетті құрал-жабдықтарға, қазандықтарға тапсырыс беріп қойыпты. Тек жобаға қаржы жеткілікті бөлінбеуі салдарынан жұмыс аздап кешеуілдеп жатыр. Жоспарға сәйкес, құрылыс 2013 жылдың тамыз айында толық аяқталуы тиіс. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ертеңгі күні осы қазандықта еңбек ететін білікті мамандарды қазірден бастап дайындау қажет екенін ескертті.

Бұдан кейін өңір басшысы «Туған жерге – тағзым» акциясы аясында «Еңбек-Өскемен» кәсіпорны қызметкерлерінің қаржысына салынған хоккей айдынының ашылу рәсіміне қатысты. Салтанатты шара барысында жастары ел ағаларына алғыстарын білдіріп, кентте енді спорт кешені салынас деген талап-тілектерін де жеткізді. Облыс Әкімі бұл мәселені қолға алуға уәде етті.

Аймақ басшысы іссапар барысында бірқатар өндірістік насывдарға да ат басын тіреді. Атап айтсақ, ол әк тас пен минералды ұнтақ шығаратын «Теньши» серіктестігінің және «ЖармаҚұрылысГаз» көпсалалы кәсіпорнының жұмысымен танысты.

Қалбатау ауылында облыс Әкімі демесушілер қаржысына салынған «Азат» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясында болды. Ауылдықтарға алғашқы медициналық көмек көрсететін бұл мекемеде жуырда қосымша ғимарат салынып, онда балалар бөлімі ашылған. Енді жақын маңда тұратын халық балаларын аудандық емханаға емес,

осы ОДА-ға әкелетін болып жүр.

Жергілікті дәрігерлермен сұхбаттасқан облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ауданда әлі күнге дейін заманауи жедел жәрдем көлігі жоқ екенін білді.

– Сіздердің аудандарыңызда жол-көлік оқиғалары жиі тіркеледі, сондай-ақ бала туу көрсеткіші де, құдайға шүкір, жылдан-жылға көбейіп келеді. Сондықтан реаномобильмен қамту мәселесін кейінге қалдыруға болмайды, – деген өңір басшысы аудандық емханаға реаномобиль берілетінін айтты.

Бұл күні Қалбатау ауылында өнер мектебінің жаңа ғимараты ашылды. Бұған дейін мектеп орынжайды жалға алып келгенді. Енді олардың өз шаңырағы бар.

– Біздің балаларымыздың ішінде өнерлілері көп қой. Сол себепті, оларға ең алдымен осылай жағдай жасап, тиянақты білім мен дұрыс тәрбие беруіміз керек, – деген аймақ басшысы оқу орнынан дарынды жас өнерпаздардың көптеп шығып, еліміздің мақтанышына айналуын тіледі. Ол ғимарат үшін аралап көріп, мектеп оқушылары әзірлеген шағын концертті тамашалады. Жаңа ғимарат кең, жарық әрі жайлы екен, мектептің әрбір он бөліміне жеке кабинет бөлінгені. Мұнда балалар домбыра, қобыз, скрипка, сырнай, фортепьяно сияқты музыкалық аспаптарда ойнап үйренеді, ән айтуға, сурет салуға, өлең жазуға машықтанады. Жас ақындарды тәрбиелеп, оларға бағыт-бағдар көрсетіп жүрген мектеп мұғалімі Жұмабақыт Рахметова ел мерейтойына арналған «Тұрақталды туғырым» атты оқушылардың өлеңдер жинағын облыс Әкіміне тарту етті.

Облыс Әкімі аудандық мәдениет үйінде еліміздің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлестерін қосқан бір топ жармалық азаматқа «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медальдарын салтанатты түрде табыс етті.

– Ел Тәуелсіздігін нығайтуға Жарма ауданы да үлкен үлес қосып келеді. Тек биыл ғана Жарма ауданының экономикасына 6 миллиард теңгеден астам инвестиция құйылды. Бір аудан үшін бұл аз көрсеткіш емес. Осының бәрі – Тәуелсіздіктің арқасы, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ марапаттау рәсімінде.



Суретшілер үйірмесінде

торы Родни Грейдің айтуынша, олар осы құжатқа сәйкес Әуезов кентіндегі 140 орындық балабақшаны қалпына келтіруді өз міндеттеріне алып отыр.

Меморандумның аудан жұртшылығы үшін аса маңызды екенін атап өткен облыс Әкімі аталмыш келісімді атқарушы билік пен өндірістік кәсіпорын арасындағы әлеуметтік серіктестіктің алғашқы қадамы деп бағалады.

– Комбинат толық қуатында жұмыс істей бастаған кезде мұндай игі істер де көбейе түсуі тиіс, – деді осы ретте аймақ басшысы.

Бұдан соң облыс Әкімі Өскемен – Алматы тас жолының бойындағы жаңа көпірдің ашылу салтанатына қатысты. Көпір жолдың 942-ші шақырымында «Ақжол-Қарағанды», «Жаңа жол» және «Құрылысқонсалтинг» сын-

құрылыс компаниялары іргелі жөндеуден өткізген келесі көпірді де көрді. Автомобиль жолдары комитеті облыстық департаментінің директоры Сайранбек Бармақовтың айтуынша, жаңартылған бұл көпір арқылы енді ауыр салмақты жүк көліктері де өте алады. Негізінде жолшылар өздері атқарған жұмыстарға бес жылға кепілдік береді. Бірақ бұл көпірлер жармалықтар үшін әлі ұзақ жылдар бойы қызмет етері сөзсіз.

– Өткен жылы облысымызда су тасқынынан қаншама ғимараттар мен жолдардың бұзылғанын жақсы білесіздер, қазіргі кезде олардың бәрі толық қалпына келтірілді. Ең соңғы қалғаны осы екі көпір болатын. Міне, бүгін олардың да құрылысы аяқталып отыр. Қалбатау мен Семейдің арасындағы жол жөнделе бастады. Осының